



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қыстың көзі қырауда жылу орталығынан ақау шығып, мазасыз күй кешкен кездер талай бастан өтті. Әрине, тозығы жеткен құбырлар құрдымға жетелемей, қайда апарарды дейсіз?! Алдағы уақытта ондай күндер де жылы жымын еске алатын өткінісі сәттерге айналмақ. Үкімет бір емес, үш қаладағы жылу көздерін жаңғыртуға 16 миллиард теңге қаражат бөлінді. Бұл қалалардың ішінде Қызылордадан бөлек, Кентау мен Риддер де бар. Айта кетейік, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердің жағдайын сараптай келе еліміздің жылу электр кешенін ауқымды жаңғырту бойынша тапсырма берген болатын.

ҮКІМЕТ ҮШ ҚАЛАҒА ҚАРЖЫ БӨЛДІ



Бар мәселе құбырдың түбінде жатыр. Кеңес үкіметінің көзін көрген жылу жүйелерін уақытылы жаңғырту кезек күттірмес мәселе екенін Екібастұз бен Риддердегі жылу орталығының жарылысы айқындап берген болатын. Міне, енді Үкіметтің шешімі үміт сөздерін жарқырата түскен сынайлы.

Аталған жоба 1500 МВт-тан астам жаңа қуатты іске қосуға мүмкіндік беретіні айтылуда. Жұмыс басталып та кетті. Премьер-министр Олжас Бектенов Кентау, Риддер және Қызылорда қалаларындағы жылу көздеріне реконструкция және күрделі жөндеу жүргізу үшін Үкімет резервінен қаражат бөлу туралы қаулыға қол қойды.

Әйтсе де 16 миллиард үш қалаға қалай бөлінеді? Жоба бойынша қаражаттың 9 миллиард теңгесі Кентаудағы №5 жылуэлектр орталығының № 7, 8, 9, 10, 11 және 12 қазандықтарын реконструкциялауға жұмсалмақ. Ал Риддер жылуэлектр орталығының технологиялық жабдықтары мен инфрақұрылымын күрделі жөндеуден жүргізуге 4,9 млрд теңге қаралды. Үшіншісі, қалған 2 миллиард теңгеден астам қаражат Қызылорда қаласындағы оңтүстік қазандықтың үш бу қазандығын жаңғыртуға бөлінбек. Басталған жұмыс тыңғылықты аяқталып жатса, алдағы жылу маусымында үш қалада мәселе болмайды деген жоспар бар.

Н.ТҮРСЫНХАН



Сырда серпін бар. Ақмешіттің бойына қан жүгіріп, жан-жақты дамуға бет алды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев шаһардағы бірқатар нысандарды аралап, құрылыс жұмыстарының жай-күйімен танысты.

Облыс әкімі «Болат Өтемұратов қорының» қолдауымен салынған «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалына барды. Халықаралық талаптарға сай келетін жаңа терминалда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған залдар, СІР-зал, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, ғибадат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимараттың сыйымдылығы – 250 адам, төлқұжат бақылайтын 10 кабина қызмет етеді. Нысан таяуда ел игілігіне табысталамақ. Жобаға бағытталған 20 миллиард теңгенің 15 миллиард 700 миллион теңгесі Болат Өтемұратов қорынан бөлінген. Жергілікті бюджеттің 4 млрд 300 млн теңге қаржысы инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және қаріз, желілерін, аутожол жүргізуге жұмсалды. Бүгінде әуежай мен оған іргелес аумақ абаттандырылуда.

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ, Қызылорда облысының әкімі:

ҚҰРЫЛЫСТЫ САПАЛЫ САЛЫП, УАҚЫТЫЛЫ ТАПСЫРУ КЕРЕК



Аймақта 27 мың гектарға күріш себіліп, оның 19,5 гектары суға бастырылды. Табиғаттың қауіпсіздігіне егістік алқапқа қалай барып жатқанын бағамдау мақсатында өңір басшысы «Қызылорда су торабына» барды. Айта кетейік, тораптың су өткізу қабілеті – секундына 1200 текше метр, жобалық алаңы – 120 мың гектар. Қазіргі уақытта вегетациялық кезеңнің басталуына орай облыс аумағындағы каналдар арқылы егіс алқаптарына су берілуде.

– Қазіргі күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі – егін алқаптарын сумен қамтамасыз ету. Суармалы жердің көлемін, егілетін дақылдардың түрін, суару нормаларын сақтау қажет. Суды үнемдеп пайдалану және егін егу талаптары назардан тыс қалмауы тиіс, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Облыс әкімі жаңа жылуэлектр орталығының құрылыс алаңындағы жұмыстармен танысты. Инвестор қолдауымен бой көтерген орталықтың бас мердігері – «Интер таско» ЖШС.

– Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Халық игілігіне арналған жаңа ғимараттар бой көтерді. Ең бастысы құрылысты сапалы етіп салып, уақытылы аяқтау қажет, – деді Нұрлыбек Машбеқұлы.

Елімізге танымал шыны зауыты да аймақ басшысының назарынан тыс қалған жоқ. 2022 жылдың қазан айында ашылған зауыт табақша шыны шығарумен айналысады. Мұнда 370 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Зауыт іске қосылғаннан бері құны 23,9 млрд теңге болатын 19 миллион шаршы метр шыны өндірілді. Оның 70 пайызы ел ішінде сатылса, қалған 30 пайызы Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттеріне экспортталды.

Сол жағалауда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 900 орындық білім ошағы бой көтеруде. Өткен жылы құрылысы басталған нысан биыл пайдалануға бері-

леді деп күтілуде. Үш қабатты оқу орнының құрылысына бюджеттен 5,01 миллиард теңге қаражат қаралған. Нысанды аймақтағы алдыңғы қатарлы құрылыс компанияларының бірі – «Дәнекер» ЖШС салуда. Нысан басына барған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құрылысты сапалы жүргізуді, жауапты мекемелерге тұрақты қадағалауды тапсырды.

Айта кетейік, білім саласына берілген қолдаулар жетерлік. Балалардың сапалы білім алуы жолында қосымша білім беруге қолайлы жағдай жасау мақсатында «ҚазГЕРМұнай» компаниясының демеушілігімен 2 миллиард 300 миллион теңгеге 350 орындық заманауи Оқушылар сарайы, жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданында 200 орындық Оқушылар үйі және 50 орындық Өнер мектебі салынууда. Бұл нысандар жаңа оқу жылында оқушыларға есігін аяққа ашпақ.

Аян СПАНДИЯР

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ТАСБӨГЕТТЕГІ КӨПІР АШЫЛДЫ

Он жылдан бері Тасбөгеттің халқы жақын жердің алысының зардабын тартты. Осындағы маңызы жоғары көпір апатты деп танылып, екі жағынан тартып жабылды. Күні бүгінге дейін «Сабалтақтағылар» сабылып, жарты қаланы айналып жететін. Көз жеткен жерге қол жетпей, асып өте алмаған талайдың мұңы енді артта қалды. Енді қалаға кіріп көпір саны артты, үш бірдей көпір елге қызмет ететін болады.



Бұл жермен енді қоғамдық көлік те жүреді. Жұмысқа қатынаған жұртшылықтың ең басты қуанышы осы. Көліктен көпірдің арғы басынан түсіп, бергі басына дейін табан тоздыратын күннің артта қалғанына қуанады. Осындай қуанышқа кенелген тұрғынның бірі – Нұрлыхан Үсенов.

– Плотинаның ашылғанына қуаныштымын. Жөндеуге байланысты жабылғанына көп болды. Халыққа тиімділігі жоғары. Мен өзім 30 жылдан бері осында, Тасбөгетте тұрамын. Көп жұмысымыз жеңілдеді, – дейді ол.

Халыққа үздіксіз 58 жыл қызмет еткен нысан 2014 жылы апатты деп танылды. Су ресурстары Комитеті тоспаны қайта жаңғырту жобасына 3 млрд 153 млн теңге бөліп, құрылыс жұмыстары 2020 жылы басталған болатын.

– Жөндеу жұмысы жүріп жатқандықтан стратегиялық маңызы бар су тоспасының үстімен өтетін көлік қозғалысына шектеу қойылды. Бұл Тасбөгет кенті, саяжайлар және өзге де жақын ауыл тұрғындарының қалаға қатынауына қиындықтар туғызды. Бүгін міне, Сырдария өзенінің сол және оң жағалауындағы 120 мың гектар суармалы, 2 миллион гектарға жуық шөлейтті жерлер-

ді және өңірге қарасты аудандардағы егістіктерді суландыруды көздейтін бұл жоба сәтті аяқталып отыр. Құрылыс жұмыстарын жүргізген бас мердігер «Каспиан Контракторс Траст» ЖШС мекемесінің басшылығына және құрылысшыларына алғысымды білдіремін, – деді қала әкімі Серік Қожаниязов.

Айта кету керек, бұл көпірдің үстімен ауыр жүк көліктерінің жүруіне тыйым салынған.

– Бір ғана Тасбөгет кентінің өзінде 30 мыңнан астам халық тұрады. Оған Сабалқақ саяжайы, Ирқол елді мекені және Тоғызтам көшесі қарайтынын есептесек, тағы 5 мыңға тарта тұрғын бар. Су шаруашылығы министрлігі негізінен мүлдем ашықсы келмеген. Елдегі халықтың мұң-мұқтажын шешуде облыс әкімі атсалысып, енді жүк көліктерінен басқа көліктердің жүруіне рұқсат берілді, – деді қала әкімі Серік Қожаниязов.

Бұл көпір іргедегі Сырдария ауданына қарасты Амангелді, Айдарлы, Жетікөл, Бесарық, Қоғалықол ауылдарының халқын да облыс орталығымен байланыстырады.

Дәулет ҚЫРДАН
Суретке түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Робот және робототехника – бүгінде жиі қолданылатын сөз. Робототехника – ғылым мен техниканың ең жылдам дамып келе жатқан салаларының бірі. Ол өнеркәсіптік автоматтандыруды, медицинаны, білім беруді және ойын-сауықты қоса алғанда кең ауқымды салаларды қамтиды. Жалпы біздің роботтар туралы түсініміз ғылыми-фантастикалық фильмдер мен кітаптар арқылы қалыптасты. Өнер туындыларының әсерімен, бүгінгі күні роботтар туралы айтылғанда үй жұмысын орындауға немесе әлемді қорғауға қабілетті адам тәрізді робот бейнесін елестетуіне әсер етті. Алайда роботтар ғылыми фантастиканың материалы емес.



РОБОТОТЕХНИКА: ӘЛЕМДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

Қазіргі уақытта роботтар біздің өмірімізге әртүрлі салаларда қолданылып, жұмысты жеңілдететін құралдардың бірі. Олар ғарышқа ұшады, басқа планеталарды зерттейді. Әскери мақсатта көмектеседі – қауіпті заттарды залалсыздандырады және ауадан жағдайды барлайды. Өнеркәсіптегі көптеген саланы роботтарсыз елестету мүмкін емес: бірі көлік құрастырса, екіншісі жаңа дәрі-дәрмектерді табуға көмектеседі. Жұмысшылар өндірістік ортадағы улы химикаттар, тар кеңістіктер немесе ауыр машиналар

сияқты қауіпті жағдайларға ұшырайды. Мұны азайту үшін стартаптар әртүрлі өндірістік процестерді автоматтандыру үшін AMR автоматтандырылған роботтарды пайдаланады. Олар айналаны түсіну және дербес шарлау үшін сенсорларды, ЖИ және компьютермен көруді қосады. Сенсор деректеріне негізделген шешім қабылдайтын көптеген құрылғыны да роботтар деп санауға болады. Бұл өз кезегінде сала мамандарының жұмысын айтарлықтай жеңілдетіп, қауіпсіз етті.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Ел қорғаған ерлерге құрмет толастамақ емес. Қалаға қарасты Қараөзек ауылында «Мәңгілік даңқ» мемориалы ашылды.

МӘҢГІЛІК ДАҢҚ МЕМОРИАЛЫ АШЫЛДЫ



Мемориал ауылдағы мектептің жанында орнатылды. Алаңға ауыл тұрғындары жиналып, мемориалға гүл шоқтарын қойды. Мұнда Қараөзек елді мекенінен сұрапыл соғысқа аттанған 27 жауынгер мен тылда бел жазбай еңбек еткен азаматтардың есімдері қашалып жазылған. Ұйымдастырушылар майдангерлердің тізімін толықтыруға қажетті мәліметтерді тіркентек жинаған.

– Бүгін біз үшін ерекше күн болып тұр. Ауыл төрінен ашылған ескерткіш тақта майдан даласында опат болған бабалар ерлігін дәріптейді. Менің әкем де төрт жыл тыныштықты алған соғысқа қатысып, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Олардың батырлығы осы мемориал арқылы бүгінгі бұяғға үлгі болады, – дейді ауыл тұрғыны Тұрғанкүл Қойлыбаева

Енді бұл орын батыр бабалардың ұрпақтары үшін жиі келіп, тағзым ететін маңызды жерге айналмақ.

Н.А.ЛТЫН

Бүгінде кенеден келетін кесел Сыр өңірінде тұрақсыз болып тұр. Себебі жыл басынан бері кене шағу бойынша 108 адам медициналық көмекке жүгінген. Оның екеуінен конго-қырым геморрагиялық қызбасына күдікті жағдай анықталса, 1 дерек бойынша зертханалық жолмен нақтыланған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Әлия Әбдіқайымова айтты.

КЕНЕДЕН КЕЛЕР КЕСЕЛ ҚАУІПТІ



Жыл басынан бері 115 елді мекен қолайсыз деп танылған болатын. Осыған орай тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Нақтырақ айтсақ, сәуір айынан бастап кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарының бірінші кезеңі Шиелі, Жаңақорған ауданы және Қызылорда қаласында жүргізілді.

– Еліміздің оңтүстік бөлігінде орналасқан 4 аймақ конго-қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошағы болып саналады. Бұған аталған өңірлердің климаттық жағдайы-кененің көбеюіне қолайлы болуы. Қазіргі таңда кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Сондай-ақ наурыз айында зоопаразитологиялық топпен бірге кене жинау шаралары басталған болатын. Бүгінгі күнге дейін кененің 11 979 данасы жиналып, оның 1331-не сынама жасалды. Нәтижесінде 13 кенеден оң нәтиже анықталды. Сондықтан облыс тұрғындары далалық аймақтарда, мал қоралары жанында жүргенде барынша сақтық шараларын сақтау қажет. Ал конго-қырым геморрагиялық қызбасының ауру белгілері анықталған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгінуі тиіс, – деді Әлия Әбдіқайымова.

Ал облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаныл Исаеваның айтуынша, конго-қырым геморрагиялық қызбасының жасырын кезеңі – 2-14 күн аралығында болады. Негізгі клиникалық белгілері бойынша адамның дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтеріліп, бас ауруымен қатар көз қызарады. Сондай-ақ мойын, арқа, бел ауруы, жүрек айну немесе құсу, іштің ауруы сынды белгілері де болады.

Өткен жылы кенешағу дерегі бойынша 1332 адам медициналық көмекке жүгінсе, биыл 108 жағдай тіркелген. Бүгінгі күні конго-қырым геморрагиялық аурудың алдын алу үшін арнайы вирусқа қарсы иммундық плазма кенінен қолданылады. Бұл ем ауруды жеңуге мүмкіндік береді.

– Өңірде кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстары 9 сәуірден бастау алған болатын. Бүгінде ол 8 маусым аралығына дейін де жүргізіледі. Кенеге қарсы залалсыздандыру кезінде арнайы «ЦИПЭК-10%» препараты қолданылатын болады. Қазіргі таңда залалсыздандыру жұмыстары Сырдария ауданында жалғасуда, – дейді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Марат Ердаулетұлы.

Облыстық ветеринария басқармасының бөлім басшысы Ерік Қылышбаев қолайсыз деп танылған елді мекендерде 763 мың бас мал бар екенін жеткізді. Ал қора, суат, шаңлақтардың жалпы көлемі – 2,9 млн шаршы метр. Жалпы аурудың алдын алудың негізгі жолы – уақ малдарды тоғыту. Бүгінде облыс бойынша барлығы 85 мал тоғыту ваннасы болса, оның 54-і типтік үлгіде және қалған 31-і қарапайым түрде. Қазір 60 ванна мал тоғытуға дайын.

Қазіргі таңда Конго-Қырым геморрагиялық ауруының алдын алу бойынша кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарының сапасы мен тиімділігін бақылайтын арнайы жұмыс топтары құрылып, барлық жағдайды тікелей бақылауда ұстауда.

Назира МҰҚАТАЕВА

РОБОТОТЕХНИКА: ӘЛЕМДІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

Робототехниканың тарихы ең алғаш қозғалатын мүсіндер жасалған ежелгі дәуірден басталады. XVIII ғасырда Пьер-Жак Дро андронд роботын жасады. Нағыз серпилік XX ғасырда ақпараттық технологияның дамуымен бірге басталды. 1959 жылы «Unimate» атты алғашқы өнеркәсіптік робот қолы жасалды. Содан бері робототехника дамып, адамзат үшін жана мүмкіндіктер ашылууда. Бұл робототехника тарихының қысқаша шолуы, оның толық тарихы таңғажайып жетістіктер мен жаңалықтарға толы. Қазіргі таңда өнеркәсіптік роботтардың робототехника саласында айтарлықтай үлесі бар. Өнеркәсіптік роботтар – өндіріс ортасында қолданылатын роботтар. Олар металлургия, тамақ және химия өнеркәсібі, машина жасау сияқты әртүрлі салаларда қолданылады. «Statista» зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстандағы робототехника нарығы 2024 жылға қарай кірісті айтарлықтай арттырып,


диқандарға егіс алқабын аралап көріп, егін көлемін алдын ала болжау үшін көп күш жұмсаудың қажеті жоқ. Робот дроңдар мезгіл-мезгіл егістіктердің үстінен ұшып, егінді күтудің оңтайлы әдістері мен ауа райы болжамдары туралы есептерді қамтитын бағдарламаға деректерді жүктейді. Суару, тынайқыштар және басқа да өсіру әдістері туралы өзекті ақпарат шығындарды азайтуға көмектеседі. Бұл робототехника, жасанды интеллект пен IT технологиялар арқылы жүзеге асады. «Northern Sky Research» (NSR) баяндамасына сәйкес, спутниктік және заттар интернеті (IoT) пайдалану келесі онжылдықта ең жоғары өсу мүмкіндігіне ие. 2029 жылы ғарышта ауыл шаруашылығына арналған құрылғылар саны 790 мыңнан асады делінген.

Робототехниканың дамуы арқылы жана мамандықтар мен кәсіптер пайда болуда. Еліміздегі жана мамандықтар мен құзыреттердің атласы бойынша рес-

тепке бірте-бірте енгізілді. Ал Қазақстанда 2010 жылдан бастап білім беру мекемелеріне енгізіле бастады. 2019-2020 оқу жылынан бастап «Робототехника» 3-4 сыныптарға, 2020-2021 жылы 5 сыныпқа, 2022-2023 оқу жылы 2 сыныпқа еніп, оқытылуда.

Робототехниканың болашағын тереңірек түсіну үшін біз робототехника саласындағы жетекші сарапшы, қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Раушанбек Сариевтің пікіріне жүгініміз. Ол робототехника жана кәсіптерді жасап қана қоймай, сонымен қатар адамдардан жана дағдылар мен білімді талап ететін жана жаңашыл көзқарасты талап етеді деп санайды. Сондай-ақ жылдам өзгеретін технологиялық әлемде жұмыс істей алатын мамандарды дайындау үшін білім беру бағдарламаларын бейімдеудің маңыздылығын атап өтті.

– Елімізде робототехника 2010-2013 жылдан бастап қолға алына бастады.




қуны 25,36 миллион АҚШ долларына жетеді деп болжануда. Әсіресе қызмет көрсететін робототехниканың кірісі 25,31 миллион АҚШ долларын құрайды деп болжануда. Қазақстанда өндірістік секторда робототехниканы қолдану, еңбек өнімділігі мен автоматтандыру мүмкіндіктерінің артуы байқалады.

Робототехника саласы медицинада да көптеп пайдалануда. Медицинадағы робототехника медициналық мәселелерге инновациялық шешімдер қабылдау үшін механика, электроника, бағдарламалау және биология сияқты әртүрлі салалардағы білім мен технологияны біріктіреді. Медицинадағы роботтардың негізгі ролі – хирургиялық отаға көмектесу. Роботтар медицина қызметкерлерін оқытуда да қолданылады. Мысалы, жапондық стоматологтарды даярлау жүйесі «Showa Hanako 2» деп аталады. Бұл инновациялық жүйе стоматология саласында білікті мамандарды дайындауға көмектеседі. Дүние жүзіндегі көптеген клиникада «TransCar» және «TUG» сияқты робот-курьерлер дәрі-дәрмектер мен құралдарды жеткізеді. Қазіргі уақытта пациенттің денесіне енгізілетін және жасауға есер ететін нанороботтарды жасау жұмыстары жүргізілуде. Осылайша, медицинадағы робототехника медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттырудың жана мүмкіндіктерін ашады.

Робототехника енгізілген тағы бір сала – ауыл шаруашылығы. Әлемдегі көптеген елдер роботтарды ауыл шаруашылығында кенінен пайдалануда. Себебі роботтар физикалық жұмыстарды адамдарға қарағанда тезірек орындайды. Сонымен қатар егіс алқабындағы арамоштерді тауып, жойып, егінді бүлдірмей егінді жинай алады екен, типті мал шаруашылығында жайылымдарда мал жаю туралы да ақпараттар кездеседі. Ауыл шаруашылығында робототехниканы дамытудың тағы бір бағыты – осы саладағы заманауи тенденцияларды анықтайтын жана технологиялар. Роботтарды өндіріс өнімділігін айтарлықтай арттыруға қажеттілігіне негізделген. БҰҰ болажамы бойынша, 2050 жылға қарай әлем халқы 9,8 миллиардқа жетеді. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін тамақ өнеркәсібін 70 пайызға арттыру қажет. Робототехника ауыл шаруашылығы мамандарының жұмысын едәуір жеңілдетпек. Алдағы уақытта

публикада ауыл шаруашылығы өндірісін автоматтандыру және роботтандыру жөніндегі инженер, робототехниканың инженер-технолог, робототехника операторы мамандықтары пайда болуы мүмкін. Робототехника инженерлері, жасанды интеллект мамандары, деректер талдаушылары, робот-бағдарлама жасаушыға

Робототехника алғашында факультативті курстар ретінде іске асты. Өкімізде 2015 жылы қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, яғни Оқушылар сарайында алғашқы робототехника үйірмесі ашылды. Сыр өңірі робототехника бойынша үздіктер қатарында. Бұл саладағы жетістіктеріміз тек жергілікті дең-



сұраныс жоғары. Сонымен қатар робототехникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін сервистік техниктерге деген қажеттілік артып отыр. Бұл мамандарды оқыту және қайта даярлау үшін жана мүмкіндіктер туғызды.

Халықаралық робототехника федерациясының (IFR) 2021 жылға жасаған қорытындысына сай әлем бойынша өндірісте қолданылып жатқан роботтардың саны 3 миллион 477 мыңға жетті. Роботты қолдану көбейген сайын оны құрастыратын маманға сұраныс артты. Осыған орай арнайы маман әзірлеу мақсатында робототехника курсы білім беру саласына енгізіліп, оқытыла бастады. АҚШ пен Еуропада робототехника «Жобалық оқыту» тұжырымдамасына негізделіп XX ғасырдың 90 жылдарынан бастап робототехника мек-

пейде ғана емес, республикада танылды. Біз робототехника саласындағы жетістіктеріміздің республика деңгейінде, типті халықаралық аренада аталып жүргені мақтан тұтамыз. Оқушыларымыз республикалық робототехника жарысында бас жүлде негері атанды. Бұл инновациялық және технологиялық прогресті ілгерілетудегі біздің рөлшімізді растайды, – дейді ол.

Робототехника маманы робот жасау негіздерін үйретуде жаттығулар мен жарыстар басты рөл атқарады деп есептейді. Бұл ғылым мен техникаға деген қызығушылықты оятып қана қоймай, өскелең ұрпақтың болашақта сұранысқа ие болатын дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл тәсіл робототехника саласындағы инженерлер мен өнертапқыштардың жана буынын қалыптастыруға ықпал етеді.

– 2015 жылы Қазақстанда Робототехника федерациясы – «KazRobotics» құрылды. Қазіргі таңда «KazRobotics» федерациясы әрбір облыста іріктеу өткізіп, чемпионат жеңімпаздары республикалық чемпионатқа жолдама алады. 2016 жылдан бастап осы уақытқа дейін «KazRobotics» федерациясының президенті Айжан Жақеева осы жарыстарды қолға алып, Қазақстанда спорттық робототехниканы дамытуға аталысып, талантты жас қатысушыларды біріктіруге ықпал етіп жүр. Сонымен қатар «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауы білім алушыларға ғылым мен техниканың түрлі саласында, өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына қолдау көрсетіп келеді. Жалпы балалар робототехникаға қызығушылық танытуда. Робототехника балалардың логикалық ойлауын, математикалық және алгоритмдік қабілетін, электрондық жүйелерді түсінуді, есептерді әртүрлі тәсілдермен шешуді, қиялын, логикасын, құрастыру қабілетін, топпен жұмыс істеу және ғылыми ізденістерге деген қызығушылығын дамытады. Қазіргі кезде қаламызда робототехника үйірмелердің саны артуда. Сонымен қатар мектептерде қосымша робототехника факультатив сабақтары өткізілуде. Арнайы жабдықталған «Робототехника» кабинетінде оқушылар робот құрастырудың негіздерін Arduino, Lego Mindstorms EV3, spike prime және микроконтроллернің құрылғыларымен таныса отырып, роботтарды модельдеу және бағдарламалау жұмыстарын, құрастыру дағдыларын меңгереді. Осы үйірмелер арқылы оқушылар инженерлік, нұсқаушылық, шығармашылық идеяларды іске асыру және өз әлеуетін көтеруге мүмкіндік ала отырып, болашақта техникалық мамандық таңдаудағы мүмкіндіктермен танысады – дейді Раушанбек Әбділаулы.

«Алдағы 5-10 жылда елімізде робототехника қалай дамиды?» деген сауалға сарапшы былай дейді:

– Алдағы 5-10 жылда Қазақстанда робототехника саласында айтарлықтай ілгерілеу болады. Бүгінде біз Орталық Азияның, Еуропаның және Американың көптеген елдерімен қатар келе жатырмыз. Робототехниканың кейбір салаларында біз тіпті алдамыз. Қазақстандық робототехника лигасына қатысушылар әлемдік жарыстарда жоғары марапаттарға ие болды, бұл халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігімізді дәлелдейді. Бұл біздің еліміздің осы бағытта белсенді дамып келе

12 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРГЕРЛЕР КҮНІ

Қаладағы №3 қалалық емханасында халықаралық мейіргерлер күніне орай «Біз сіздермен мақтанамыз» атты салтанатты шара өтті.

Мейіргерге құрмет

Жиында «Мейіргер – мәртебелі мамандық», «Мейіргер жұмысындағы коммуникативті дағдылар», «Отбасын жоспарлаудағы мейіргер ісінің маңызы», «Менеджер мейіргер ролі» тақырыбында баяндама оқылды.

Айта кетейік, мейірімділік символына айналып, ізгі мамандық иесі атанған мейіргер ісі қашанда сый-құрметке лайық. Өйткені тұрғындарға медициналық көмек көрсетудің тиімділігі көп жағдайда мейіргер жұмысына тікелей байланысты. Науқаспен тығыз байланыс жасайтын мейіргерлер режимнің сақталуын, емнің мезгілінде дұрыс жүруін бақылайды.

Ал ауруханада, күндізгі стационарда емделген науқастардың дәрі-дәрмекті уақытылы қабылдауын

қадағалайды, ине шаншып, ота алдында оларға психологиялық көмек беріп, күрделі емдік-профилактикалық шараны жүзеге асырады. Бұл жоғары кәсіби шеберлікті ғана емес, сабырлы болуды және стресс атуалыға төзімді болуды қажет етеді. Олардың жылы сөзі науқастың сауығуына септігін тигізеді.

Мерекелік шарада бірқатар ақ халатты абзал жанға облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен «Аманат» партиясының облыстық, қалалық филиалы атынан Алғыс хат табысталды. Басқосуда аға буын өкілдері жас мамандарға пайдалы кеңесін айтты. Психолог Гүлдана Садықова шара соңында тренинг өткізіп, мейіргерлерді бір серпілтті.



ДЕНСАУЛЫҚ



Бұл мамандыққа жүрегі дауалап көп адам бара бермейтіні түсінген қаршадай қыз бар ынта-жігерімен мектеп бітірісімен облыс орталығындағы медициналық колледжде оқуға түсті. Оқу орнының қабырғасында жүріп түрлі шараларға белсене қатысып, озат студент атанды. Оқу орнын 2012 жылы ойдағыдай бітіріп, акушер мамандығын алып шыққан жас маман еңбек жолын 2012 жылы №3 қалалық емхананың аймақтық мейіргері болып бастады.

НӘРЕСТЕНІ ҚҰТҚАРУДЫ ОЙЛАДЫМ



Неонатальды хирургиямен айналыса бастаған кезім. Қалалық перзентханада туа біткен даму ақауларының ішіндегі күрделілерінің қатарына жататын «Жалған диафрагмальды жарық» диагнозымен нәресте дүниеге келді. Шыны керек, мұндай ақаумен туылған балаларға ол кезде ота жасай алмайтын кезім. Тек бізде ғана емес, жалпы еліміздің біраз аймақтарында неонатальды хирургия ретке қойылмаған кез. Осындай қиын кезеңде ұстазымыз Асылжан Ерекешов «Неонатальды хирургияның даму жол картасын» жасап шықты. Сол жол картасы бойынша ақаумен туылған балаларға көмек көрсету мақсатында орталықтар ұйымдастырылды. Біздің орталық

Шымкент қаласындағы облыстық балалар ауруханасында болды. Балақайымды аман алып қалу үшін жалғыз жолы – авиация арқылы Шымкент қаласына жеткізу. Күн бұлтты, жаңбыр жауып тұр. Ұшақ ішінде отырмыз. Ұшуға рұқсат жоқ. Егер ұшпасақ, нәрестеміздің әрі қарайғы жағдайы белгісіз. Шымкентте күн ашық. Пилоттармен кеңесе келіп, тәуекелге бел будық. Шиеліге дейін желдің әсерінен қалбақтап зорға жеттік. Ұшақ әрбір теңселген сайын жүрегіміз аузымызға тығылады. Не керек, аман-есен жетіп, балақайдың отасы сәтті өтіп, сауығып елге келді. Шымкент қаласындағы балалар ауруханасына, неонатальды хирург Қайрат Ізбасовқа, реаниматолог Рафик

Әміровке алғысым шексіз. Содан кейін ұстазымыз Асылжан Ерекешовті ұйымдастырумен 2011 және 2016 жылдары Санкт-Петербург қаласында неонатальды хирургия бойынша білімімді жетілдірдім. Осылайша шетелден және еліміздің орталықтарынан алған білімімді өз өңірімізде жүзеге асырамыз.

Болат МАХАНБЕТИЯРОВ,
облыстық балалар ауруханасының хирургия І бөлімінің меңгерушісі, жоғары санатты балалар хирургі

МЕЙІРІМДІ ГҮЛМИРА

Жүзінен жылылық сезіліп тұратын, адам жатырқауды білмейтін Гүлмираны тумасынан адам жанының шипагері десе болғандай. Ол жұмсақ сөзімен, қарапайым болмысымен кез келген жанды баурап алады. Сол себепті оның айналасына әсіресе кішкентай балалар үйі. Олар жай балалар емес, қиындыққа тап болып түрлі дертке шалдыққандар. Бала жаны нәзік болады ғой. Кім жылы шырай білдірсе, соған бүкіл болмысымен жақындайды. Ал мейіргер мамандығын жанындай жақсы көретін Гүлмира болса, «жақсыда жаттық жоқ» дегендей ешкімді жатыспайды. Әсіресе балаларға ықыласы бөлек. Бұл мамандыққа ол бала күнінен қызығатын. Гүлмира Тоғызбайқызы 1972 жылы Қостанай облысы, Жетігара қаласында дүниеге келді. 1994 жылы Қызылорда медициналық колледжін «Мейірікке ісі» мамандығы бойынша қызыл дипломмен аяқтап, сол жылы еңбек жолын облыстық медицина орталығының «Балалар хирургиясы» бөлімшесінде бастаған. Бүгінде көпбейінді балалар ауруханасында тәжірибелі, абыройлы мейіргер.

«Мен үшін елдің алғысынан артық байлық жоқ. Шақыртуларға барғанда түрлі қиын жағдайлармен бетпе-бет келдім. Жылы сөз, аялы алақан жаны жүдеп ауруға шалдыққан адамға өте керек. Әсіресе бала жаны нәзік, жараланғыш келеді. Олардың жүрегіне жол табу оңай шаруа емес. Өзің қиналып тұрсаң да оларға күлімісің қарап, ішкі қиындығыңды жеңе білу керек. Өз мамандығыңды құрметтесең сондай тәуекелдерге барасың. Ең бастысы, ауырған адамға үміт сыйлау – парызымыз. Оның арасында толтыратын қисапсыз көп қағаздарымыз бар. 9 мамырда жұрт демалып жатыр. Ал мен кезекшілікте отырмын. Ақастынан жедел ота жасалатын немесе түрлі жарақатпен балалар келеді. Өте қиын, әрі жауапты жұмыс. Оның үстіне кішкентай балалар, тіпті тілді туған нәрестелер де бар. Баланың жанын табу қиынның қиыны. Ол үшін психолог болу керек. Біздің жұмыс үнемі қарбалас. Басқа мамандықтар секілді жайбарақат жүре алмаймыз. Кей кезекшілік жүгіріспен өтсе, кейде сәл саябырсыса қуанамыз. Науқас азайғаны бізге де жақсы. Отбасында ана болған соң, балаға қарап, үй шаруасына үлгеруім керек. Бірақ қазір бар қиындықты жеңіп, өз арманыма қол жеткізгенім өкінібеймін. Қазір кейінгі буын медиктеріне кеңес беріп, білмегендерін үйретіп отырамын. Ақ халаттының абыройын алып жүру оңай емес», – дейді Гүлмира Иманғалиева.

Ақ халатты абзал жанның еңбегі ескеруісіз қалған емес. Ол облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасымен, бірнеше Алғыс хаттармен марапатталып, түрлі жарыстарда белсенділік көрсетіп, жүлделі орын алып, ұжымның абыройын асқартып жүр. Бүгінде 2 перзент тәрбиелеп отырған парасатты ана.

Бала жанына дару беріп, шуақ сыйлаған мейірімді мейіргерге біз де сәттілік тілейміз.

Бетті дайындаған **Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА**

Жүрек қалауы адамды қандай қиындық болсын жеңе білуге жетелейді. Ақ шағаладай қалықтаған бала арман өрімдей қызға қанат бітірді. Қиял құсы болған арманына қол жеткізу үшін көп ізденіп, оқу-білімге ұмтылып тер төкті. Бақыт баспалдағына көтерілсем деген ізгі ниеті адамдардың дертіне дауа болатын мейіргерлік мамандыққа қарай қадам бастым. Ауылдың шағын дәрігерлік емханасындағы ақ халаттылар ешкімге ұқсамайтын адал мамандық иелері саналатын. Олардың жылы жүзі, сыпайы сөзі, үлкеннің де, кішінің де тілін таба білуі осы мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастырды. Бейне бір дәрігердің қолында сиқырлы күш бардай сезілуші еді. Бала қиял осылайша ақиқатқа айналды.

ЕЛ СЫЙЛАҒАН ЖАҚСЫ АДАМ

Науқас жанын ұққандар, Озат болып шыққандар. Мейіргерлер ханымдар, Антты биік ұстаңдар! Құтты болсын мереке, Тұла бойың өнеге. Ақ халатты арулар, Сендермен бар береке. Кішіпейіл нұр жүзі, Қазағымның үр қызы. Биік болсын әрдайым, Мейіргерлер жұлдызы! Мамандығы – мақтаны, Күн-түн тыным таппады. Мейіргердей маманның, Ашық болсын аспаны. Өзі ісінің шебері, Ақ халатты – желегі. Әр науқасқа ерекше, Дайын тұрар көмегі. Ақ халатты шатырдай, Қарамайды жатырқай. Бар дертіңді айтасың, Тек өзіне жасырмай. Ем-дәрісін егеді, Мейірімін төгеді. Мамандығы – мақтаны, Деп біледі себебі. Өздерімен мақтанам, Сендерменен бақ табам. Медбикелер аман бол, Ел сыйлаған жақсы адам!

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

САУЛЫҚ СЫЙЛАУ – БАҚЫТ

1995 жылы 10 шілдеде, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Дүр Оңғар ауылында дүниеге келген біздің кейіпкеріміз Алма Қалабекова 2015 жылы Қызылорда қаласындағы Жоғарғы медицина колледжінде «Жалпы мамандандырылған мейірікке ісі» бөлімін бітіріп, сол жылы аудандағы «Ай-Ерке» балабақшасында медбике болып өз қызметін бастайды. Мұнан соң 2016 жылы №3 қалалық емхананың алдын ала егу кабинеті медбикесі болып жұмысқа орналасады. 2017 жылдан бері аймақтық медбике қызметін атқарып келеді. Өз қызметіне адал, кәсіби маманның кеңесіне жүгінетін науқастар көп.

– Қарапайым тұрғындардың алғысын алу мен үшін үлкен бақыт. Өзім қалаған мамандық болған соң қиындығымен күресіп, науқастар сауығып кеткенше бақылап отыруды әдетке айналдырғанмын. Мейіргер – мәртебелі мамандық. Қазір бұрынғыдай емес, заманауи технология. Қағазбастылықтан арылып келеміз. Аумақта есепте тұратын науқастардың сараптамасы электронды түрде жіберіліп отырады. Ең бастысы өзіне жүгініп ем іздеп келген науқасқа жылы шырай танытып, қамқор болу, жұмысын жылдам орындау, баратын жеріне бағдарлау, науқасын асқындырмауға жәрдемдесу. Өзімнің аумағымдағы тұрғындарды аралап, жаңа туған нәресте болса тіркеп, үйде ем алатын мүгедек кісілер болса дәрі береміз, олардан жылы

сөзімізді аямаймыз. Біздің емхана қаладағы ең үлкен емдеу орнының бірі. Барлық жағдай жасалғандықтан мұнда науқастар көп тіркелген. Осындай сенім артылып отырғандықтан біз де өз міндетімізді адал атқаруға тырысамыз. Мұнымен қоса отбасымыз. 1 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырмын. Перзенттерімді де өз мамандығына адал болуға тәрбиелеймін. Адалдық – адам баласының асыл қасиеті. Әр маман өз ісіне немқұрайлы қарамай, қажырлы еңбек етіп, ел дамуына өз үлесімді қоссам деймін. Дәрігер де, мейіргер де қазір тапшы мамандықтың бірі. Сондықтан жастар адам жанына араша болар осы мамандықтың қиындығынан қашпай, тандаса деймін. Біреуге саулық сыйлау өміріңді ұзартады. Себебі көптің батасына кенелесің, – дейді мейіргер Алма Қалабекқызы.

Мейіргердің сөзінің жаны бар. Алғыс пен бата адам жанын бақытқа бөлейді. Өз мамандығының жемісін көріп, бақытты болғанға не жетсін! –

■ АНАЛАР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ

Биыл аналар күні мерекесі мамыр айының екінші жексенбісіне сәйкес келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын сыйлай білген. Бұл – ежелден қанымызға сіңген асыл қасиет» деп атап айтқанды. Ананы қорғау – мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басым міндеті. Сонымен биыл бұл мереке 12 мамырда аталып өтіледі.

Аналар мерекесі қарсаңында ана мен баладан сұхбат алғанды жөн көрдік. Есімі елге белгілі, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, айтыскер ақын – Мұхтар Ниязов және анасы Жұмагүл Оңғарбаевамен әңгімелестік. Ананың баласы туралы, баланың анасын құрметтеуі сұхбатымызға арқау болды.

Айтыскер-ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, облыстық мәслихат депутаты Мұхтар НИЯЗОВ:

АНАМ МЕН ЖАЙЛЫ КӨБІРЕК ТҮС КӨРЕДІ

Бұл – Мұхтар Мәуленұлының сөзі. Дәл қазіргі күні айтыскер ақын – Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театрының директоры. Облыстық мәслихат депутаты.

– Бала күнінде анаңыздан көп сөз естіңіз бе? Жалпы қандай бала болдыңыз?

– Әкем Мәулен Ниязов – ауылшаруашылығы маманы. Бірақ сөзге де шешен. Өмірде жұмсақ адам емес, алайда балаларына өте мейірімді адам. Ал анамыз өмір бойы ұстаздық қызметте болды. Педагог болғандықтан табиғатынан қатаңдау екені рас. Өйткенімен қатты ұрысып, ұрғаны есімде жоқ. Бірақ «тәйтпен» өстік. Оны мойындау керек.

Ата-анамыздың қас-қабағына қарап, ержеттік. Десек те біздің үйде еркін тәрбие болды. Қатты тыйым салынбада да, бәрібір әке-шешенің мінезіне қарап өстік. Негізі өзім ата-әжеңіз баласы болдым. Кейін әкеммен анамың қолына келдім. Өйтеуір тәрбиеден қатты олқылық көрген жоқпыз. Әкем де, анам да жер-жерімізге жетіп, намысымызға тиіп, жігерімізді жасытып ұрысқан емес.

– Кей бала әкеге, кей бала анаға жақын? Сіз кімге жақсы болдыңыз?

– Қазақ тұңғыш баласын кемпір-шалаға береді ғой. Өзім атама жақын болдым. Бірақ әке-шешемді бөліп-жарып көрмеппін. Анаңды өзіңше махаббатпен, әкенді өзіңше жақсы көресің. Өйткені әкенің орнын ана толтыра алмайды. Ал ананың орнын әке баса алмайды. Және ол екеуінің орнын ешкім толтыра алмайды. Бұл екі жан әр бала үшін өте қымбат.

– Анаңызды қатты қуантқан кезіңіз?

– Бала кезден анамды қуантқан кездерім көп болды. Ең алғаш өлең шығарып, сахнаға шыққан тұстан бері дәл қазіргі сәтке дейін қуантуға тырысамын. Өмірдегі әрбір жақсы істерімді бірінші Алланың разылығы, екінші атам мен анамды қуанту мақсатында істеймін.

Өйткені сені үлкен-кіші демей, әр жастағы жеткен жетістігің ата-ананы қуанышка бөлейді. Ең алғашқы өлең шумағым секілді, «Алтын домбыраны» алған сәтімнің бәрі оларды қуантып отырады. Ата-ананың қуанышының өлшемі жоқ деп ойлаймын. Олар өмірде баласының жетістігіне, жақсы ісіне шынайы қуана алатын адамдар.

Менің де мақсатым – әкем мен анам баласын ойлап, жерге кірмесе екен деп тілеймін. Өйткені «Балаң жақсы болса, жердің үсті жақсы, балаң жаман болса, жердің асты жақсы» дейді ғой. Жер бетінде адамның мерейінің осы жолдары көп. Соның ішінде ата-ананың баласы арқылы мерейі осы – ең үлкен мерей. Оны осы күні өзім де байқап отырамын. Себебі менің де балаларым өсіп келеді. Керемет бір жетістікке жетпей-ақ ұлап-шулап жүрген балалардың ішінде сенің балаңның дауысы айқын шығып, бір допты артық теуіп бара жатса, төбен көкке жеткендей болады.

– Анаңызға жиі сыйлық сыйлау тұрасыз ба?

– Жиі сыйлық сыйлап тұрамын деп өтірік айтпай-ақ қояйын. Және сыйлық сыйламаймын деп те жалған айтпаймын. Орайы келгенде сыйлық әперіп, қуантатын. Сонымен қатар өзі не қаласа, соны алып беруге тырысамын. «Жоқ» деп айтқан емеспін. Бірақ туған күні мен мерекеледе әкем мен анамды барынша қуантуға тырысамын. «Бүкіл дүниемді берсем де соларды қуантатын» деп өзіме серт бергенмін. Дүние бола береді. Ал ата-ана әрдайым жанымызда бола бермейді.

Мен көп жағдайда әкеім мен шешесі өмірден өтіп кеткен жігіттердің өкінішін көп естідім. Оларға қандай сыйлық жасасаң да, лайық. Ата-анамды қуанту үшін қолымнан не келсе, содан аянаған емеспін.

– Айтыскер ақысыз. Бірақ сонда да болса, анаңызға арнап шығарған өлеңіңіз бар ма?

– Мүмкін, бала кезде жазылған болар. Егер жазылмай қалса, алдағы уақытта жазылар деген үміт бар. Жазылғандары болса, жаттап та жүргенім жоқ. Бірақ екі немесе төртінші сыныпта оқып жүрген кезімде ең алғашқы шығарған өлеңім бар.

Анашым-ау, сенің ғана құшағыңда жайнадым. Ақ сүтіннің арқасында асыр салып ойнадым.

Асыл анам, мейірімді анам, жан анам,

Мен өзіңнің ақ сүтіннен айналдым, – деген өлең шумағы есімде қалыпты. Негізі әке мен анаға құрметтің өлшемі шексіз.

– Байқайсыз ба, біз жақындарымызға «жақсы көреміз» деген сөзді айта бермейміз. Анаңызға «жақсы көреміз» деп жиі айтасыз ба?

– Дұрыс айтасыз, қазақ – ұяндау халық. Күнде аздап тұрып, анамызды құшақтап, «жақсы көреміз» деп еркелей бермейміз. Енді ондай еркелік өзіміздің басымда жоқ. Бірақ оларға деген

құрметінді, махаббатыңды басқа да жолмен сездіруге болады. Анамның өзі де мені күнделікті «еркетотайым, анауым-мынауым» деп еркелеткен емес. Бірақ әлемде ананың қатты айтқан сөзі, басқа адамның «айналайын» деп елжіреп айтқанынан млн есе артық болады.

Негізі жақындарымызға жылы сөз айту керек. Айтуға тырысамыз. Бірақ күнделікті әдетке айналмаған. Жалпы күн сайын «жақсы көреміз» деп айта берсе, сезім де, сөз де арзандар дегендей, айта берсек, қадірі де қашуы мүмкін. Сондықтан жақсы көру сезімін сыйлықтармен қуанту секілді басқалай жолмен де көрсетіп тұрғанымыз абзал.

– Анаңызға қатысты қызықты оқиғаның болса...

– Қызықты оқиға дейсіз бе, анам мен жайлы көбірек түс көреді. Өйткені ананың ақ тілегі баланың үстінде тұрады. Мектеп бітірген соң медалдарыма тапсырғым келді. Сол кезде бал сәл жетпей қалып, ауылға қайттым. Сонда анамның айтқаны есімде, «түсімде бір акбозатқа мінген екенсің. Ат екі аяғын аспанға қарай қатты шапшыды. Сол кезде сен артынан сыпырылып, бірақ жерге түспей жалыңнан ұстап тұр екенсің. Соған қарағанда биыл бір сырғысын-ау, балам. Бәріне дайын бол» деп айтқан болатын. Түсі рас келді. Оқуға түспедім. Алайда курс оқыдым. Ол болашағымға әлдеқайда пайдалы болды.

Осы кезде бір жаққа баратын болсам, «мама, бір ұйықтап тұрасың-ау» деп анам әзілдеймін. Сонда қарасаңыз, Алла мен ана арасында балаға деген үлкен махаббат бар. Мен қандай да бір жетістікке жететін болсам, анам міндетті түрде мен туралы түс көреді. Және сол түстерге сенемін. Себебі анамның түсіне кірген жақсылықтар осы күні өмірде орындалып жатқан секілді.

– Ақынның анаға тілегі...

– Анама екі дүниенің бақытын тілеймін. Өмірінің әрбір күні жақсылыққа, берекеге, мерекеге, қуанышқа, сүйіншілейтін сәттерге толы болсын. Мағыналы, мәнді өмір иесі болса деген ақ тілегім бар. Сонымен қатар анам үнемі біздің амандығымызды, шаттығымызды тілеп отырады. Сол үшін де басымды иіп, алғысымды айтып, әрқашан қуантуға жазымын.

Есімі елге белгілі

Мұхтардың анасы – Жұмагүл Ұзаққызы. 1958 жылы 10 сәуірде Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр атындағы ауылда дүниеге келген. Ұзақ жыл ұстаздық қызметті абыроймен атқарған. Отағасы Мәулен Ниязов екеуі шаңырақ көтеріп, бір қыз, екі ұлды тәрбиелеп отыр. Осы кезде зейнетке шыққан ақжаулықты ана, әзиз әже.

Жұмагүл ОҢҒАРБАЕВА, айтыскер-ақынның анасы:

МҰХТАР ҮШ ЖАСЫНДА ӘРІП ТАНЫДЫ

– Жұмагүл ана, бала Мұхтар қандай болды? Есімін кім қойды?

– Негізі үлкен қызымыздың есімін Мәрзия деп атасы қойды. Ал одан кейін Мұхтарға жүкті болып жүрген кезімде студенттік шағым есіме түсіп кетті. Жалындап тұрған студенттік сәтте бір-бірімізбен әзілдесіп, «ертең балаңның атын күн қоясын?» деп қызыға сұрайтынбыз. Сол сәтте мен «Абайды әлемге танытқан Мұхтар Өуезов болса, балам сондай болса екен деген ниетпен Мұхтар қояр едім» деп айтқаным есіме түсе қалды. Перзентханада жатқанда ойлансып, атасы мен әжесінен бата алмай, қалай жеткізімізді білмей, жолдасыма хат арқылы «Мұхтар Өуезовтей болсыншы» деп жазып жібердім. Атасы бірден қолдай кетті.

Мұхтар тыныш бала болды. Өте қабілетті, зерек, алғыр еді. Үш жасында әріп таныды. Ол кезде балабақшаға баратын. Ол жақтан кешілік алып келіп, мектепке апарып, артқы партаға отырғызып қоятынмын. Сөйтіп жүріп, өзінің зеректігінің арқасында әріптің бәрін танып алды. Одан кейін мектепті де өте жақсы оқыды. Жақсы оқығаны соншалық Мұхтар екінші сыныптан кейін бірден төртінші сыныпқа көшті.

Мұхтардың әпкесі, інісі бар, үш ағайынды. Екеуіне де өте жақсы қарайды, жақсы көреді. Өте бауырмал. Бір байқағанымыз, олардан ешнәрсені аямайды. Бөліп береді, бәрін береді. Өйтеуір жағдайларына алаңдап отырады. Үшеуі бір-бірімен тату. Соған шүкір етемін. Соларға қарап, анасы ретінде риза боламын.

– Мұхтардың мінезі қандай?

– Батыр да, ақын да мінезді адамнан шығады деп ойлаймын. Ал мінезіне келсек, қадімі дауылдатып, бұрқыратып, жауындылатып өтеді де, бұлтан шыққан күн сияқты ақырындап басылады. Жалырап сала береді. «Жақсының мінезі шой орамал кепкенше» дейді ғой, сол сөз Мұхтарға арналғандай. Жалпы мінезі қатты болғанымен, қайтымы тез. Ақынға тон қасиет қой. Ақындық қасиеті де тектінің ұрпағы болған соң дарыған деп ойлаймын. Өйткені ата-бабаларымыз өте мықты болған. Өз атасы да өте білімді, оқуда озат кісі болған. Тіпті жақсы оқып, көз тигенін өзі айтты берген еді.

– Балаңыз айтқанда шыққан сәтте қандай сезімде боласыз?

– Мұхтардың өңірде болған айтыстарынан қалған емеспін. Ал басқа облыстардағы айтысты теледидар арқылы көріп отыратынбыз. Атасы да Мұхтар баласының жолы ашық болуын қалайтын. «Дұға етіп отырыңдар, менің дұғамды жаттап алыңдар» дейтін. Мұхтар қандай айтқанда катты да, дұғамды оқып, тіп-көзден аман болуын тілеп отырамын. Бас жүзде, ақшаны емес, баламның аман болуын тілеймін.

Мұхтар қазір биік белестерді бағындырып келеді. Барлық балаларымыздың жолы ашық болуын қалаймын. Әр жеңісіне қуанып, жылап алатынымын. Оның «Алтын домбыраны» алған кездегі сәті ерекше әсер етті. Сол кезде қуаныштан қатты жылаған едім.

– Мұхтардың сізді ерекше қуантқан тұсы...

– Мұхтар үнемі қуанып жүреді. Жалпы балама ризамын. Мектептен бастап, әлі күнге дейін әр жетістігіне қуана қараймын. Отбасылы болып, балалары дүниеге келді. Ол да үлкен қуаныш.

– Қазір немерелеріңіз бар. Қандай жесісі?

– Мұхтарымыз – көпбалалы әке. Шүкір, Алланың сыйы ғой. Балалардың барлығы білімді, қабілетті. Атасы спортқа лайынды, мен сабаққа дайындаймын. Балалары да жарыстарға қатысып, түрлі жетістікке жетіп, олар да бізді қуанып отырады. Шүкір, отбасылық қуаныш осылай жалғасуда. Немерелеріміздің спорт жағынан жеткен жетістіктеріне атасының еңбегі зор.

Екінші сынып оқитын Хафиза есімді немерем бар. Ол өлең оқудан республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр.

– Көпшілік жерде Мұхтардың анасы деп таныстырған сәт көп болған шығар. Сондай кезде марқайып қаласыз ба, әлде қысыласыз ба?

– Иә, тойларда «Мұхтардың ата-анасы» деп таныстырып жатады. Ол рас. Сол кездері ыңғайсызданып қаламын. Ұяңдығым басым. Бірақ іштей балаң туралы айтып жатқанда марқасың ғой. Ал мен ол жағынан қарапайымдылығым, ұяңдығым басым екен.

Бетті дайындаған Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы МАРАТ АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирланған.

Атқасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2902 Тапсырыс №729

Немірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА